

**Жалпы орта беру мектептердің, колледждердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Жаңа жыл кешінде Аяз Атаның бастан кешкендері» тақырыбында сырттай республикалық комикстер байқауын өткізу ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер жалпы орта мектептердің, колледждердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында сырттай өтетін «Жаңа жыл кешінде Аяз Атаның бастан кешкендері» тақырыбында сырттай республикалық комикстер байқауын (бұдан әрі - Байқау) мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты – қатысушыларды шығармашылық сарынға тарту, бейнелеу өнері саласындағы дарынды балаларды анықтау және қолдау.

Байқау міндеттері:

қатысушылардың әдеби, көркемдік шығармашылықтарын қолдау;

қатысушылардың көркемдік-эстетикалық талғамын және бейнелі ойлау қабілетін дамыту;

жарысқа жіберілген ең үздік жұмыстардан Интернет-галерея жасау.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

**2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі**

5. Байқау **2014 жылғы 22 желтоқсан мен 2015 жылғы 20 қаңтар аралығында** балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтта қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары **2015 жылғы 21 қаңтарға** дейін [rumcdo.muz@mail.ru](mailto:rumcdo.muz@mail.ru) электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8(7172)249306. Көркем-эстетикалық бөлім жетекшісі Асавбаева Рауза Байдрахманқызы.

7. 2015 жылдың 20 қаңтардан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды. Сараптамалық қорытындылар қатысушыларға берілмейді.

8. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастыру комитеті жауапты емес.

9. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

10. **Байқауға қатысу үшін 1000 (мың) теңге төлемақы төленеді.**

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.  
ИИК KZ91856000005068448  
БИК КСЖВКЗКХ  
БИН 990140004733  
Кбе 16.  
КНП: 859

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

**Төлемақы аталуы: «Жаңа жыл кешінде Аяз Атаның бастан кешкендері»** байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы түбіртегін мен төлем құжатты сканерден өткізіп, электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау мерзімі- **2015 жылғы 28 қаңтар.**

### **3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар**

12. Байқауға 8-17 жастағы білім алушылар жас санаттары бойынша қатыса алады:

- кіші жастағы санат: 8-11 жас;
- орта жастағы санат: 12-14 жас;
- жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.

13. Басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда: қатыгездік және зорлық-зомбылық сахналарының көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кемсітетін кез келген ақпарат болмауы қажет.

14. Келесі талаптарға сай келетін конкурстық жұмыстар қабылданады:

Конкурсқа қолдан салынған, 2-10 суреттерден тұратын, бір бетке (формат А4) ресімделген комикстер қабылданады.

15. Конкурстық жұмыстың титулдық парағын толтыру реті.

Конкурстық жұмыстың титулдық парағында:

- облыс, аудан (қала) немесе ауыл;
- білім беру ұйымының аталуы;
- байқаудың және номинацияның аталуы;
- зерттеу жұмысының тақырыбы;
- автордың аты-жөні;
- оқу орны, сыныбы;
- жетекшісінің аты-жөні;
- жетекшісінің жұмыс орны, қызметтік лауазымы;
- конкурстық жұмыстың жасалынған уақыты көрсетіледі.

16. Жарысқа бір адамнан екі жұмыстан артық сурет қабылданбайды.

17. «Жаңа жыл кешінде Аяз Атаның бастан кешкендері» атты жарыс соңында жеңімпаз қатысушылардың ең үздік жұмыстары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org)

сайтында және жарысқа жіберілген ең үздік жұмыстар Интернет-галереясында жарияланады.

18. Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында көркемдік-эстетикалық бағыттағы «Ақындар мен жазушылар», «Акварель» атты клубтар қауымдастығының мүшесі болуы тиіс («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы)

19. Конкурсты бағалау критерийлері:

конкурс тақырыбына, мақсатына және талаптарына сай болу;

конкурстың тақырыбын ашу;

жаңажылдық көрініс енгізу;

сюжет әзілі, креативтілігі, сонылығы;

жұмысты ресімдеу, түс гаммасының бейнелігі және бір қалыптылығы;

стилі (комикстік ресімделу, қойылымдардың байланысы, қажетті енгізулер және суреттердің қағаз бетіндегі үйлесімділігі).

#### **4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

20. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

21. Әрбір номинацияда жас санаттары бойынша жеңімпаздар анықталады. Байқаудың жүлделі орындарына ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелі дипломдармен және олардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.